

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНІҢ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ

«NEGESH INTERNATIONAL» МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ІС БАСҚАРМАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «ҚАРЛЫҒАШ» БАЛАБАҚШАСЫ» РММ

«ABADAN» БАЛАБАҚШАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ПРОЦЕСІНДЕ ДАҒДЫЛАРДЫ КІРІКТІРУ: МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
13 маусым 2025 жыл*

ИНТЕГРАЦИЯ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБЩЕСТВА: ПРОБЛЕМЫ, РЕШЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Материалы международной научно-практической конференции
13 июня 2025 года*

Астана, 2025

Редакция құрамы:

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – п.ғ.д., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Жумабекова Фатима Ниязбековна - п.ғ.к., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Сағалиева Жанар Каукербековна– п.ғ.к., доцент, ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты, ғылыми қызметкер

Адамова Манара Елекенқызы – п.ғ.м., ҚР Оқу –ағарту министрлігі, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің басшысы

Ерманова Мария Наятқызы – п.ғ.м., ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры

Тезекова Орынтай – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 3-курс Phd докторанты, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

УДК 373.2
ББК 74.100
Ц42

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтары»: - Астана, «Бика» баспасы, 2025.- 516 б.

ISBN 978-601-7075-63-7

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында (AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»" гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында) мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар, практиктердің ғылыми және практикалық тәжірибелеріне байланысты мақалалары жинақталған.

© «Бика» баспасы Астана, 2025

демонстрируются эффективные приёмы речевой стимуляции, доступные для применения в повседневной жизни.

Таким образом, преемственность и интеграция в речевом развитии дошкольников и младших школьников являются необходимыми условиями повышения качества образования. Эффективная реализация данных принципов требует профессионального взаимодействия педагогов, согласования образовательных программ и использования современных технологий, отвечающих требованиям цифрового общества. Приведенные кейсы демонстрируют практическую значимость и эффективность интегративных подходов к речевому развитию. Учет нормативных документов Республики Казахстан и ориентация на стратегические установки Президента РК Токаева К.К. позволяют выстраивать системную и результативную образовательную практику.

Список использованной литературы:

1. Выготский Л. С. Мышление и речь. — М.: Лабиринт, 2020.
2. Эльконин Д. Б. Психология обучения младшего школьника. — М.: Академия, 2021.
3. Смирнова Е. О. Речевое развитие детей: теория и практика. — М.: Просвещение, 2022.
4. Махмутов М. И. Проблемное обучение. — М.: Педагогика, 2019.
5. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348. — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
6. Послание Президента Республики Казахстан К.К. Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2022 г. — URL: <https://www.akorda.kz>

БАЛАНЫ ОТБАСЫМЕН ҮНТІМАҚТАСТЫҚТА МЕКТЕПKE ДАЙЫНДАУ

Албытова Назымгүл Пышақбайқызы

п.ғ.к., доцент Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
nalbytova@mail.ru

Нұғман Ақмоншақ Нұртазақызы

докторант, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
akmonshak1991@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазіргі әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайындағы мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепке дайындауда зейінді қалыптастыру өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Баланың зейінін қалыптастыруда отбасы, ақпараттық технологиялар және әлеуметтік бейімделудің жеткіліксіздігінің әсері ерекше назарға алынады. Анықталған қиындықтарды жеңудің жолдары ретінде отбасы мен балабақша арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту ұсынылады.

Кілт сөздер: балабақша, даярлық тобы, зейінді қалыптастыру, отбасы, заманауи балалар, педагогикалық мәселелер, ақпараттық технологиялар.

Қазіргі қоғам әлеуметтік-экономикалық және ақпараттық салалардағы жылдам өзгерістерімен сипатталады, бұл өз кезегінде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу үдерісіне тікелей әсер етеді. Бұл өзгерістер әсіресе мектепке дейінгі кезеңде айқын сезіледі, өйткені дәл осы уақытта баланың тұлғасының негізі қаланады. Балабақшадағы даярлық тобы — бұл баланың мектепке дейінгі соңғы кезеңі болғандықтан осы кезеңде өз бетінше әрекет ету, зейін қою, қарым-қатынас жасау, мінез-құлықты реттеу және білімге деген қызығушылық сияқты қасиеттер қалыптасады [1;2;3]. Осыдан білім беру жүйесінде баланың мектепке психологиялық және физиологиялық дайындығы маңызды орын алады. Мектепке дейінгі кезеңде балалардың зейінін дамыту — мектептегі табысты оқу мен жалпы тұлғалық дамудың негізі болып табылады.

Сондықтан мектепке дейінгі топтарда және бастауыш сыныптарда зейінді қалыптастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін зерттеу өзекті мәселе.

Зейінді қалыптастыру әдістері мен тәсілдерін қарастыру үшін оның қалыптасуына әсер ететін мүмкіндіктерге мән беру абзал. Соңғы кезеңдерде заманауи балалардың зейінін тәрбиелеуге отбасы мен балабақшада аса мән берілмейтіндігі байқалады, олар:

- Отбасының тәрбиелік рөлінің әлсіреуі. Қазіргі ата-аналар жұмысбасты болғандықтан, балалармен қарым-қатынас азайып, эмоциялық байланыс пен рухани-адамгершілік тәрбиелеуге жеткіліксіз көңіл бөлінеді. Көптеген отбасылар тәрбиелеу міндетін толығымен балабақшаға, мектепке жүктейді.

- Гаджиктерді шамадан тыс қолдану. Зерттеулер көрсеткендей, балалардың планшет, смартфон және компьютерлерді жиі қолдануы тілдің дамуына, қиялға, зейінге және әлеуметтік қарым-қатынасқа кері әсерін тигізеді.

- Қарым-қатынас дағдалырының әлсіздігі. Балалар қатарластарымен және ересектермен байланыста нормаға сәйкес қарым-қатынас сақтай алмайды. Көп жағдайда ынтымақтасу, келісімге келу, жанашырлық таныту сияқты әлеуметтік дағдылардың дамуы жеткіліксіз болып жатады.

- Оқуға, танып-білуге деген мотивациясының төмендігі. Даярлық топта оқу іс-әрекетіне қызығушылық қалыптастыру маңызды. Бірақ көптеген балалар балабақшаға тек көңіл көтеру орны ретінде қарап, танымдық белсенділікке қызығушылық танытпайды.

- Педагогтердің жаңа жағдайларға өз дәрежесінде дайын болмауы. Барлық тәрбиешілер жаңа буын — цифрлық ортада өскен, клиптік ойлауға бейім, жоғары мазасыздық немесе гиперактивтілік көрсететін балалармен тиімді жұмыс жасау дағдыларына ие емес [4;5;6].

Баланы мектептегі оқуға дайындау ұзақ әрі күрделі үдеріс болғандықтан мұнда ересектер (отбасы, балабақша, мектеп) балалардың зейінін қалыптастыру арқылы олардың қабылдауы мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіру қажеттігін түсінуді тиіс. Зейін белгілі бір объектіге, әрекетке немесе ақпаратқа бағытталған психикалық қызмет бола отырып, барлық психикалық процестер мен қасиеттердің қалыптасуы мен дамуының іргетасы болады.

Зейін жүйке тоздырғыштар легінің шамадан тыс көп болуынан нашарлайды. Егер осы жүйке тоздырғыштарға қарсы тұрмасақ, зейіні нашар балалар көбейе береді. Мәселен, адам бір нәрсеге зейін қойғанда, мидың бірнеше бөлшегі бір уақытта қатар әрекет етеді. Бұған ортаңғы ми, қыртыс ми және таламус бөлімдері қатысады. Соның ішінде таламустың қызметі ерекше. Таламус ми қатпарына «қоқысты» жібермей ұстап қалатын сүзгінің қызметін атқарады. Сонда зейін қою қабілеті мидағы ақпарат сүзгісінің жұмысына тәуелді. Таламус «сүзгісіне» шамадан тыс жүк артып, салмақ салу зиян. Таламусты (сүзгіні) қорғау үшін төмендегі қағиданы ұстану қажет болады:

1. Оған тым көп ақпарат пен әсер өткізбеу;
2. Оны тым қатты тітіркендіргіштен қорғау;
3. Үнемі қауіп дабылын бере бермеу [7].

Яғни, таламусқа тым көп ақпарат пен әсер өткізбеу, тым қатты тітіркендіргіштен қорғау және үнемі қауіп дабылын бере бермеу үшін баланы мектепте оқуға дайындауда оны би, музыка, спорт үйірмелеріне қатар қатыстырмау, басқа тілді араластырмау керек. Мұнда мектепке дейін оқу мен жазуға үйретуде баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін дәптерлерді пайдалану, мазмұны балаға түсініксіз немесе түсінуге ауыр мәтіндерді оқып беру, оқыту зиян. Баланы у-шуы тоқтаусыз жүріп жататын ойындар мен ойын-сауық орталықтарынан, ойыншықтардан бөгеу қажет.

Сүзгі қызметін атқарып отыратын таламус толған жағдайда оның салдары ауыр болады. Ми қатпары бейберекен импульстердің екпініне шыдай алмай, ауытқи бастайды. Яғни, адам өзінің іс-әрекетін бақылай алмайды, ақылға қонымсыз әрекеттер жасайды, маңызды мен маңызсыз дүниелерді ажырата алмайды, ашушаң келеді. Бала үшін таламуытың толуы емес, тіпті оған дейін оның артық ақпарат алуының өзі бірқатар әрекеттерінің бұзылуына душар етеді. Мәселен, сөзді өз дәрежесінде түсінбеу, ашушаңдық, ерік-жігерін басқара алмау, мақсатсыз әрекеттер жасау, шаршау т.б.

Балабақша мен ата-аналар балалардың зейінін қалыптастыруды маңызды мәселе ретінде қарастырылуы тиіс. Даярлық тобында балаларды мектепке оқуға дайындауда зейінді қалыптастырудың төмендегідей жолдарын пайдалануға болады:

Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Ата-аналармен ағартушылық, тренингтер, бірлескен іс-шаралар сияқты жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Бұл балалардың зейінін қалыптастырумен қатар бірізді тәрбиелеу бағытын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Балалардың гаджиктерді пайдалануында цифрлық гигиенасын дамыту. Экран алдындағы уақытты шектеу зейіннің тұрақтануына және шығармашылық, спорт, кітап оқу сияқты баламалы әрекеттерді енгізу баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Эмоционалдық интеллектіні дамыту бағдарламалары. Эмпатияны, эмоцияларды тану мен білдіру қабілетін дамытуға бағытталған жүйелі әрі мақсатты ойындар мен жаттығулар балалардың үйлесімді дамуына көмектеседі. Эмоционалдық интеллект баланың зейінінің қалыптасуын реттейді.

Педагогикалық рефлексия және біліктілікті арттыру. Тәрбиешілерге жаңа әдіс-тәсілдерді, соның ішінде бейімделу мен әлеуметтендірудің заманауи әдістемелерін үйрену маңызды. Өз кезегінде ата-аналар педагогикалық сауаттылығын арттырулары тиіс.

Даярлық топтағы балалардың зейінін қалыптастыру мәселелері кешенді көзқарасты талап етеді, ол тек педагогтардың ғана емес, сонымен қатар отбасының белсенді қатысуымен шешіледі. Баланың мектепке толыққанды дайындығын қамтамасыз ету — тәрбиелік үдерістің барлық қатысушыларының тығыз байланысы нәтижесінде ғана мүмкін болады. Қазіргі заманның сын-тегеуріндері икемділік пен жаңашылдықты, сондай-ақ тәрбиешілердің кәсіби өсуін қажет етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы ашық байланыс баланың зейінінің қалыптасып, алдағы оқуына оң әсер етеді. Ынтымақтастық арқылы ғана бала мектеп өміріне оңтайлы қадам басып, табысты бола алады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Байжуманова Б.Ш., Джумагулова Г.Ш. Педагогикалық психология.- Алматы : ADAL KITAP, 2024. – 485 б.
2. Сламбекова Т.С. Педагогиканың жалпы негіздері. - Алматы : Қазақ соқырлар қоғамы, 2024. – 385 б.
3. Тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасы : оқу құралы / Ұ.С. Нұрғалиева, А.И. Ахметова, А.И. Гарбер, М.М. Байбекова. - Алматы : ЛАНТАР BOOKS, 2023. – 330 б.
4. Бухарбаев М.А., Казагачев В.Н. Современные педагогические технологии.- Алматы : TechSmith, 2023. – 218 с.
5. Мирза Н.В. Педагогическое мастерство. Тренинг. Тесты. Игры. Практикум : учебно-методическое пособие / Н.В. Мирза. - Алматы : Эверо, 2023. – 229 с.
6. Руденко А.М., Самыгин С.И., Колесина К.Ю., Шевченко А.М.- Основы педагогики и психологии.- Ростов-на-Дону : Феникс, 2023. – 335 с.
7. Мырзабай Сейілбек. Балалықтан даналыққа.- Отбасы хрестоматиясы: Алматы.- 2022.-256 б.

СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСЫН ҚЫЛЫПТАСТЫРУ

Жайлауова Манат Кенесовна

п. ғ. к., доцент, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда,
Қазақстан

mzhailauova@mail.ru

Жубанова Жанар Әбушәкімқызы

2 курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

kenje_janka@mail.ru